

FTAMP 03.91

<https://doi.org/10.63051/kos.2023.1.21>Сыздықов С.М. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан**E-mail: satay14@mail.ru*

## ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ

**Аңдатпа.** Мақалада ұлттық идея, мемлекеттік идеология ретінде әртүрлі дәуірлердің тарихы мен философиясы тұрғысынан «Мәңгілік ел» ұғымына шолу жасалды. Бірақ бұл абстрактілі ой немесе ғылыми жаңалық емес, ата-бабаларымыздың рухани-саяси ұстанымы, олардың дүниетанымы негізінде пайда болған, ғасырлар бойы қалыптасқан және түркі құндылықтарын бойына сіңірген идея. Жұмыстың басты мақсаты – көнетүріктік «Мәңгілік ел» ұғымына байланысты халықтың тарихы мен салт-дәстүрі, дүниетанымына, материалдық және рухани мәдениетіне байланысты көптеген ақпараттарды жинап, бұларды ғылыми айналымға енгізу. Зерттеу жұмысында салыстыру, саралау және жалпылау тәрізді жалпы ғылыми әдістермен қатар салыстырмалы әдіс, салыстырмалы-тарихи, деректанулық, палеографиялық, семантикалық және компонентті талдау, тарихи-салыстырмалы әдіс және өңдеу, сұрыптау, аудару тәсілдері қолданылды. Зерттеудің жаңалығы – бұған дейін зерттелген ұлттық концептілерді негізге ала отырып, «Мәңгілік ел» ұғымы антропоцентристік тұрғысынан зерделенді. Зерттеу нәтижелерін Қазақстан тарихына қатысты оқулықтарда ұлттық идеологияның шығу төркінін тану тұрғысынан қолдануға да болады. Қазақстандық шығыстану, түркітану, қыпшақтану ғылыми зерттеу жұмыстарында байырғы этностардың ақпараттық қорын құрастыруда зерттеудің практикалық үлесі бар, этномәдени қатынастарды анықтауда тың деректер бермек. «Мәңгілік ел» ұғымы кейін келе өрісі кеңіп, «Мәңгі Ел», «Өтүкен», «Жерұйық», «ізгі (қайырымды) қала» концептілерін біріктеретін ұлттық-мәдени тұжырымдамаға айналды.

**Кілт сөздері:** Ұлы дала, Мәңгілік ел, ұғым, идея, сабақтастық.

### Кіріспе

Қоғамдағы әрбір адамның өмірге деген көзқарастары, идеалдары мен құндылықтар жүйесі бар. Бұлар жиналып келіп, адамның рухани жан-дүниесін құрайды. Сонымен, идея – бар нәрсені емес, басқа ұғымдардан өзгеше әлі жоқ нәрсені, жасалуға тиіс дүниелерді білдіреді.

Идея – тарихи дамудың нәтижесі бола тұрып, даму барысында өзінің көптеген қырлары мен мазмұнын айқындаған, толысқан ұғым. Ол бүкіл даму тарихындағы жасалған рухани байлықтарды бойына сіңірген жүйе болып табылады. Ұлттық идея – ұлттың сол тарихи кезеңде өзін-өзі тануынан көрініс табатын ұлттық санада басымдыққа ие әлеуметтік-саяси көзқарастардың жүйесі. Зерттеушілер бұл ұғымның екі қырына баса маңыз береді. Бір жағынан, қауымдастықтың өзін-өзі ұлт деп танып, түйсінуі, екінші жағынан – оның ерекше тарихи адамдар қауымдастығы ретіндегі өз көзқарастары, ұстанымдары мен құндылықтарының әлемге танылуы. Ұлттық идеяны кездейсоқ ойлап табу мүмкін емес. Оның қалыптасуы тарихи кезеңдердің сабақтастығы арқылы белгілі бір әлеуметтік-саяси, мәдени кеңістікте күрделі құбылыс ретінде жүзеге асады. «Мәңгілік Ел» идеясының қалыптасуы да осындай күрделі де ұзақ жолдан өтті. Қандай да бір идея болмасын, оның қалыптасу алғышарттары болады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – дүниетаным. Дүниетаным – адамдар мен табиғатқа, жалпы құндылықтарға, моральдық ережелерге жеке тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі сенім, таным немесе қоғам мүшелерімен ортақ көзқарас қалыптастырып, қоршаған ортамен қатынасты реттеудегі негізгі өлшем [1, 616 б.].

Ұлттық рухани байлықтың басқа да элементтері осы дүниетаным тұғырының айналасында өрбиді. Қазақ халқының дүниетанымы көне замандағы сақ-ғұн және түркілердің тайпалық мемлекеттік құрылымдарының қарапайым түрлерінен бастап, Қазақ хандығының дәуірлеу кезеңіне дейін қалыптасты және одан әрі заман талабына сәйкес жетілу, толысу процестерін бастан кешірді. Осындай күрделі дүниетаным «Мәңгілік Ел» идеясы қалыптасуының басты алғышарты болды. Ұлттық болмыстың кескінін бейнелейтін ұлттық өзіндік санада генетикалық код ретінде жасырынған және дәстүрлі қазақ қоғамындағы осындай халықты біріктіруші идеяның ізін халқымыздың арасынан шыққан тұлғалардың әлеуметтік-саяси ойлары мен философиялық көзқарастарынан табуға болады. Бұл көзқарастар, әдетте, мемлекетшілдік, ел тағдыры, тәуелсіздік, жер және т.б. қоғамның сол кездегі күрделі де маңызды саяси-әлеуметтік мәселелерін қамтыды.

Идеология мемлекеттің, саяси топтардың, жеке тұлғалардың қоғам мен әлеуметтік топтар алдындағы мақсаттарын іске асыру үшін қолданылатын көзқарастар жүйесі. Жалпы идеология туралы түсінік ерте заманда пайда болды. Мысалы, Аристотель идеология деген түсінікті «энтелехия» деп атаған. Энтелехия – мүмкіндікті шындыққа айналдыратын ізденушілік деп ұлы ойшыл анықтама береді. Идеология – ол қоғамдық қарым-қатынастарға көзқарас қалыптастыратын құрал. Идеологияның мақсаты мен мазмұны қолдаушының (ұсынушының) мүддесімен сәйкес келеді. Сол себептен идеологияны ұсынушылар: мемлекет, билік, саяси немесе жеке адам идеологияға өте үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс. Егер идеологияны қолдануда қателікке жол берілсе, онда қоғам дамуының өзі қате жолға түсіп кетуі күмәнсіз. Тарихта бұндай жағдайларға ұшыраған мемлекеттер аз болған жоқ. Негізінде, қандай идеологияны таңдау қажет екенін шешуші халық болуы тиіс. Саяси биліктің, мемлекеттің ұстанатын идеологиясы қоғамның, оның әрбір әлеуметтік топтарының, азаматтардың мүддесінің, ой-пікірлерінің, яғни, идеяларының жиынтығы болуы тиіс. Ал халық мүддесімен мемлекеттік идеологияны сәйкестендіретін демократияның дамуы болып саналады. Әрбір адамның іс-қимылы ойдан басталатыны баршаға мәлім. Адамзаттың саяси өмірінің дамуы да саналы адамдардың ой-пікірлеріне, ұсыныстарына, идеяларына негізделеді. Идеялардың негізгі көзі, бастауы ғалымдардың ой-пікірлері мен тұжырымдамалары. Мысалы, кезінде идея ретінде ұсынылып, кейін идеологияға, теорияға айналған Конфуцидің мемлекеттік билік пен халық арасындағы теңгергіштік заңы, Аристотельдің орташылдық, орта таптық концепциясы, Гоббстың антиэтатизм принципі, Монтескьенің билікті бөлу туралы заңы және т.б. Солардың ішінде бүкіл адамзаттың дамуына үлкен өзгерістер әкелгендері либералдық, консервативтік, реформистік, социал-демократиялық идеологиялар.

Тәуелсіз Қазақстанның болашаққа бағдары – халықты іргелі елдердің қатарына қосып, еліміздің шекарасын шегендеп, Евразия елдерімен терезесі тең ел болу идеясы басты мақсатқа айналған болатын. Осы ұлттық идеяның негізінде ұлттық сана қалыптасты. Ұлттық идея қалыптаспай тұрып, әрбір ел түрлі қиындықтарды басынан кешіріп, кейіннен кемеліне келеді. Соның ішінде, біздің елдің ұлттық идеялогиясына барар жолы оңай болған жоқ. Тарихымыздың терең тартқан тамыры біздің дәуірімізге дейінгі алтынмен апталған ақ сауыт киген сақтардан бастау алып, жарты әлемді жаулаған Ғұндармен ұштасып, шежірелі тарихын тасқа жаған Түрік қағанатына келіп табан тірейді. Ұрпаққа өлмейтін мұрасын тасқа қашаған Түрік қағанаты кезіндегі бабаларымыздың бітік жазуларында бәдізделген «Мәңгі ел – Benu el» идеясы осы күнге дейін өзінің өміршендігін жойған емес. Ғаламшардың бетінде Түрік жұрты тұрғанда, азаттық пен егемендік, басқаға бас иемейтін асқақ рухты тәуелсіздік, жарқын болашақ, кемел келешегін түзу түзген ел болу идеясы арғы ата-бабаларымыздан бері жібін үзбей келе жатқан басты қағидат, игілікті идея. Түрік қағанатынан соң Дешті-Қыпшақ даласын жайлаған ұлы бабаларымыз, Қарахан дәуіріндегі қолына қобызын алған Қорқыт атаның «Өлмейтін мекен» іздеу идеясы, Отырар ойшылдары, Ұлы дала ғұламалары арасынан

суырылып шығып, адамзаттың «екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың «Қайырымды қала тұрғындары», Құл Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтері» «иманның нұрына шомылған адамдарға толы» ел болу идеясы, Ескіқыпшақ ескерткіштеріндегі құнды қолжазбалар «Мәңгілік ел» болудың жол-жоралғысы көрсетілген көреген идеялар бүгінгі тәуелсіздікке жету жолындағы қаланған кірпіш, салынған сара жолдар екені айдан анық. Қазақ хандығы дәуіріндегі Асан қайғының желмаяға мініп, «Жерұйықты» іздеп, қайтсем қазақтың өшпейтін, мәңгілік мекенін тапсам деген қариялық қадірі халқымыз үшін айнымас бағыт-бағдардың бастаулары болды. Жоңғармен жұлысып, қалмақпен қырылысып жүріп, тәуелсіздігін сақтап, ұшса құстың қанаты талатын кең байтақ жазира даланы ұрпаққа аманаттап қалдыруды көздеген ата-бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап, осы даланы кейінгі ұрпаққа «Мәңгілік ел» қылып қалдыру үшін алысты-жұлысты. «Елімайлап» жүріп, Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаны кешіп, бізге жеткізді. Дала данышпаны, Хакім Абайдың дәуірі туып, қазақтың қасіреті мен қасиеті Хакім Абайдың «кәміл адам» ұғымымен ұштасып, кейіннен келе Түрік қағанатының рухын жандандырған Алашордашылардың әрбірінің жүрегінде «Мәңгілік ел» болу мақсаты айқын аңғарылып тұрды. Тағдыры қасіретке толы қаймана қазақ жұрты аштықты өткеріп, қуғын-сүргінді бастан кешіп, Ұлы Отан соғысында от кешіп, тілі тілімделіп, жері жыртылып, діні құртылып жатса да «Мәңгілік ел» болып, «Мен қазақтың мың өліп, мың тірілген» деген ұранмен қайта түледі, қайта рухын көтеріп, басын тіктеді. Осыншама алапат ғасырды бастан кешкен Ұлы дала перзенттері Тәуелсіздіктің таңы атып, егемендіктің рухы асқақатап, «Мәңгілік ел» болу идеясын ту қылып көтерді.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

«Мәңгілік ел» ұғымының мәнін ашу үшін зерттеу жұмысын жүргізу барысында С.Е. Маловтың [2], И.Л. Батмановтың [3], А.С. Аманжоловтың [4], Ченгиз Алыылмаздың [5], Қ. Сартқожаұлының [6], Н. Базылханның [7] және т.б. көнетүрік ескерткіштері зерттелген еңбектер негізгі дереккөз ретінде қолданылды. Сонымен қатар, М. Қашқаридің «Диуану лұғат ит-түрік» жұмысының А.Егеубайдың қазақ тіліне [8], З.М. Ауэзованың орыс тіліне аудармалары [9], Древнетюркский словарь [10], Э.В. Севортянның «Этимологический словарь тюркских языков» [11] және т.б. еңбектер қолданылды.

Зерттеу жұмысында салыстыру, саралау және жалпылау тәрізді жалпы ғылыми әдістермен қатар салыстырмалы әдіс, формалды тарихи талдау әдісі, салыстырмалы-тарихи, модельдеу әдісі сияқты тарих пәнінің өзіндік әдістері мен деректанулық, палеографиялық, семантикалық және компонентті талдау, тарихи-салыстырмалы әдіс және өңдеу, сұрыптау, аудару тәсілдері қолданылды. Әлеуметтік, функционалдық зерттеулердің дамуына үлес қосқан этнолингвистика және тарихи деректердегі тұжырымдарға сүйеніп дәлелденді. Философия, тарих, дінтану, мәдениеттану салалас пәндер тұрғысынан концепті мен ұғымның айрмашылығын анықтау, формасы мен мазмұнын зерттеудегі негізгі методологиялық бағыттарды анықтау қолға алынды.

### **Талқылау**

Түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясы. Көне түркі жазба ескерткішінде «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясының жариялануы. Ежелгі сақ-ғұндар мен олардың ұрпақтары – түркілердің дүниетанымындағы «мәңгілік» туралы түсініктері («ел», «жер», «еркіндік» туралы) кейін б.з. V ғасырының екінші жартысында түркілер өз қағанатын, яғни мемлекеттігін құрғанда, «Мәңгілік Ел» – мемлекеттік идеологиясына айналды. Алғаш рет «Мәңгі ел» мұраты мемлекеттік идеология ретінде Шығыс Түркі қағанаты әскерінің бас қолбасшысы Күлтегінге арналған бітіктаста түркі еліне жария етілген. Күлтегін ескерткішіндегі жазудың сол жақ [12, 190 б.] бетінде: «Өтікен жынысында (қойнауында)

отырсаң Мәңгі ел тұтып отырар ең», – деп айтылған. Тура осы сөздер Білге қаған ескерткішінің оң жақ [12, 262 б.] бетінде қайталанған. Сонымен қатар, «мәңгі» сөздері Тывадағы Чаа-Қол-1, Оя, Уйбат, Ұлық Кем, Ел Бажы өзендері жағасындағы бұғытастарда және де Абақан өзенінің бойындағы «Алтын көл», Ұлық Кем өзенінің сол жағалауындағы «Бай-Бұлын», Абақан, Тывадағы «Сайғын» бітіктастарындағы жазбаларда кездеседі. «Мәңгі» сөзінің көне түркі жазба ескерткіштерінде осыншама жиі кездесуі кездейсоқ емес. Бұлай болуы ежелгі түркі дүниетанымында «мәңгілік» түсінігі кеңінен танымал екендігін білдіріп қана қоймай, оның бүкіл түркі жұртының аңсаған мұратына айналғандығын көрсетеді. Оған дәлел ретінде Күлтегін бітіктасында жазылған нұсқасын келтіруге болады. Онда «мәңгі» сөзі Өтүкен мекенінде бейбіт өмір сүріп, сауда керуенін жіберу арқылы елдің аш-жалаңаш болмай, мұны жоқ, тоқтықта болатыны жайлы контексте келтірілген. Бұл кезінде Қазақ хандығының қалыптасуы қарсаңындағы Асанқайғының «Жерұйықты» іздеу идеясымен сәйкес келеді. Ақиқатында Күлтегіндегі «Өтүкен жынысы», Асанқайғының «Жерұйығы» қазақтың ата-бабалары – түркі жұрты мен қазақ елінің «мәңгілік ел» болу мұратының бір-бірімен жалғасқан сабақтасатындығын көрсетеді.

Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйтқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айрылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін, елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-куатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгі ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр. Л.Н. Гумилев те өзінің Орхон-Енисей ескерткіштеріне талдау жасағанда, руникалық жазулар эпитафиялық емес, публицистикалық сипатта деп жаңа бір пікірді білдірген болатын: «үш жазудың мәтіндері де түркілердің барлық қоғам мүшелеріне үндеу тұрғысында айтылған, оның өзінде ештеңемен бүркемелемей, халықты сендіргісі келеді. Ендеше жазу – үндеу, ондағы берілген материал таңдап алынған. Мұндай жанрдың болуының өзі сөздің түркі қоғамында нақты күш екендігін көрсетеді. Олай болса, дамыған қоғам және қоғамдық пікір де бар». О. Сүлейменов те публицистиканы әлемдік тарихқа ескерткіштің кірігуінің кезеңі ретінде, сонымен қатар, бұқаралық санаға кеңінен тартылуы тұрғысынан қарастырады. Ендеше, бұдан шығатын қорытынды: «Мәңгілік ел» – көне түркі жазба ескерткіштерінде Ұлы Түркі қағанатының мемлекеттік идеологиясы екендігі саяси манифест тұрғысында жария етілген.

Әл-Фарабидің «Мәңгілік» философиясы. X ғасырдың аяғында бұл идеологияның саяси-философиялық негізін түркілер өздерінің ортағасырлық өркениетті Қарахандар мемлекетін құрғанда, шығыстың көрнекті ойшылы, философ – әл-Фараби жасады. Ортағасырлық Шығыс философтары пікірталастарының ортақ бір проблемасы – «мәңгілік» мәселесі еді. Бұл сол кездегі ортағасырлық араб әдебиеттерінде «захириттер» ағымындағы ойшылдар деп аталды. Әл-Фараби ортағасырлық түркі-мұсылман елінің тарихи шындығы мен өзіне дейінгі іргелі философтар – Платон мен Аристотель ілімдеріне сүйене отырып, мәңгіліктің философиясын жасады. Ол әлемнің мәңгілігін тұрақты түрде және жүйелі дәлелдеуге тырысты. Әл-Фарабидің ойынша, әлем өзінің мәні тұрғысынан құдайдың творчестволық әрекетіне қарағанда екінші, бірақ, бұл тұжырым уақыт жағынан сәйкеспейді. Сондықтан, әлем құдаймен мәңгі бірлікте. Аристотель сияқты ол қозғалысты мүмкіндіктен шындыққа өту, яғни мәңгілік құбылыс ретінде саналады. Уақыт қозғалыспен мәңгілік бірлікте дей отырып, ғалым уақытты Аристотельдің пайымынан басқаша, қозғалыстың сипаты ретінде қарастырады. Ғалымның мәңгілік теориясы әлемнің жаратылысы туралы діни ағымдарға қарсы бағытталды. Әл-Фарабидің екінші бір принциптік қағидасы – ақыл-ойдың бір мәнді



болуы адамдарды мәңгілікке бастайтындығы. Бұл жерде жеке адамның мәңгілігі туралы емес, адамдар құрған қоғамның мәңгілігі туралы сөз болып отырғанын түсіну қиын емес. Сонымен, қазіргі заманда қазақ елінің құрып отырған мемлекетінің ұлттық идеясы «Мәңгілік Ел» болуының түп төркіні – осы ортағасырлық түркілердің «Мәңгі Ел» мемлекеттік идеологиясын саяси-философиялық тұрғыда негіздеген әл-Фарабидің «мәңгілік» философиясында жатыр десек, қателеспейміз. Өйткені, әл-Фараби бұл теориясын түркілердің тарихи өмір шындығынан алды. Елбасының ортағасырлық түркілер өздерінің мемлекетін құрғанда да, оны «Мәңгі Ел» деп жариялағаны мәлім. Сөйтіп, өз заманында әл-Фараби осы мәселерді ғылыми жүйеге келтіріп, өзіне дейінгі және өз замандастарынан ілгері, озық ілім қалыптастыра алды. Нәтижесінде, «Мәңгілік ел» жай ұғым емес, саяси-философиялық маңызды тұжырымға айналды.

Ұлы Дала еліндегі (Алтын Орда және Қазақ хандығы) «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи сабақтастығы. Ұлы Даланың кіндігі – Ұлытау ежелгі түркілер империясының ел апарып қондырған мекені болғаны Моңғолиядағы Тес өзені бойындағы бітіктаста ойылып жазылған. Онда түргеш халқының «Кеңгереске» қоныстанғаны айтылған. Кеңгерестің қай жер екендігін зерттеген ғалымдар Ұлытаудағы Сарыкеңгір мен Қаракеңгір аттарында сақталғандығы туралы қортындыға келген. Бұл туралы ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясын саяси манифест ретінде жария еткен «Күлтегін» бітіктасының батыс жақ бетіндегі 39-шы жолынан да көруге болады. Онда қара түргештерге бару үшін «Кеңгереске» бет алғаны айтылған. Бұдан Мәңгілік Ел идеологиясының жария етілген кезінде, қазақ халқының қалыптасуында маңызды рөл атқарған түргештердің Ұлытау өңірінде ел болып отырғанына көз жеткізу қиын емес. Ұлытау төрінде Елбасының айтқан ұлағатты пікірі тағлымы мол тарихты зерделеген, қазақтың патриоттық сезімін оятатын, зерделі сұхбатында «тарихтың куәгері – Ұлытау» деп қадап айтқан еді.

### **Зерттеу нәтижелері**

Дамыған ортағасыр заманында түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясын одан әрі жалғастыра отырып, Ұлы Даланың иесі – Алтын Орда өзінің қол астындағы елдер мен халықтарды біріктіру мақсатында қолданған. Оны «Мәңгі Көк Тәңірі» сөз тіркестерінде «мәңгі» сөзі мен «тәңірі» сөзінің Шыңғыс ханның ресми құжаттарында жиі кездесуінен көрінеді. «Тәңірінің өзі қолдайтын, қамқорлығына алатын ел боламыз!» деген Шыңғыс ханның жарлығынан осыны байқауға болады. Алтын Орда дәуірінде «Мәңгілік Ел» құру идеясы «Мәңгі Тәңірінің күші» тұрғысында кездеседі. Сондықтан, оқырмандар бұл тарихи кезеңге сәйкес деректерді «Мәңгі Тәңірінің күші» сөздерімен басталған: Күйік ханның мөрінен, Арғұн ханның француз королі Филиппке жазған хатынан және Алтын Орда ханы Өзбектің елшісін растаған құжаттардан кездестіре алады. Мысалы, төмендегі Арғұн ханның хаты «Мәңгі Тәңірінің күші» сөздерімен басталған. Тағы да бір мысал: 1246 жылы Күйік ханның хатын саяхатшы Плато Карпини Рим папасына жеткізген. Бұл хатты 1920 жылы поляк ғалымы Кирилл Каралевский Ватикан мұрағатынан тапқан. [13]. Хатқа «Мәңгі Тәңірінің күші» деген сөздері бар Күйік ханның мөрі басылған және ондағы жазудың түркі тілінде екенін Францияның ірі моңғолтанушысы Поль Пелльо зерттеу жүргізіп, дәлелдеген.

Қазақ хандығы тұсында «Мәңгілік ел» идеясының сабақтастығы. «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясы болған Түркі мемлекеттерінің сабақтастығын хандықтар мемлекеті тұрғысында жалғастырған тұлғалар: Жәнібек пен Керей, Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан, Абылай хан, соңғы Кенесары хан еді. Мысалы: «Есім ханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы» деп айтылатын осы бір қысқа ғана ауызекі нақыл сөздердің мағынасында бүкіл сол Қазақ хандығы құрған мемлекеттің «Мәңгілік Ел» мұратына жетудің жолын айшықтайды. Тәуке хан тұсында үш бидің қатысуымен «Жеті Жарғы» жинағының шығуы да сол тарихи кезеңде заңға негізделген тұрақты мемлекет құрудың амалы болатын. Қай хан болмасын, өз

заманында қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету және оны күшейту үшін бар күш-жігерлерін аямағаны белгілі. Мысалы, Абылай хан ел мен елді жақындастыру, көрші алпауыт елдермен қарым-қатынаста көрегендігімен дипломатиялық саясатты шебер жүргізе білген. Абылай басқа мемлекеттермен, әсіресе Хиуа, Жоңғар хандықтарымен қарым-қатынастары қазақ жұртының негізгі этносаяси мүддесіне сай жүргізілді. Чиң империясы тарапынан Орта Азия елдерін жаулап алу қаупі төнген кезде, Абылай Ауғанстан билеушісі Ахметшахпен байланыс орнатты. Абылай алыстағы Түркия билеушілерімен де қарым-қатынас жасауға әрекет еткен. Абылай іс жүзінде Қазақ мемлекеттігін қалпына келтіруге, тәуелсіз ел етуге күшін салды.

Алаш зиялыларының «Мәңгілік Ел» мұраты жолындағы күресі және іс-қызметі. Қоғамды құратын адамдардың дүниетанымы сол қоғамның идеясының алғышарты болып табылады. Ал, адамның танымы жөніндегі ілімдері ежелгі дүние философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған әл-Фараби екені жоғарыда айтылды. Таным жөніндегі Фарабидің ілімдерін қазақ елінде жалғастырған және қазақ шындығымен терең байланыстырған Абай болды. Абай өлеңдері мен қарасөздерінен таным жөніндегі ілімнің тарихымен таныстығы анық байқалады. Танымда маңызды рөл атқаратын «жан қуаты» жөнінде Фараби қолданған философиялық терминдер Абайдың Он жетінші, Жиырма жетінші, Отыз сегізінші, Қырық үшінші қарасөздерінде қазақ тіліндегі балама сөздермен берілген. Ақынның Он төртінші, Он жетінші қарасөзі мен «Көзінен басқа ойы жоқ...», «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек...», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа...», «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас...» өлеңдеріндегі ақыл, қайрат, жүрек жайлы философиялық мағынадағы ойларының қайнар көзі – әл-Фараби шығармаларында жатыр [14, 325-327 бб.]. Әл-Фараби дәстүрінің жалғасы Абайдың «толық адам» жөніндегі ой-пікірінен айқын сезіледі. Абайда жиі сөз болатын «толық адам», «жарым адам», «адам болу», «инсаниаттың кәмаләттығы», «бенделіктің кәмаләттығы», «толық инсаниат», «адамшылық», «адамның адамдығы», «адам болу» т.б. атаулық мәні бар ұғымдар, сөздер тобы, ол жайлы пікірлердің шығар көзі Фараби еңбектеріндегі ой желісінен туындайды.

Ұлт зиялылары ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында патшалық Ресейдің отарлық езгісіне қарсы күресе отырып, қазақ халқының болашақта алдыңғы қатарлы ел болып қалыптасуының жолдарын іздестірді және халықты білім мен ғылымға, озық шаруашылық ұйымдастыруға шақырды. Алаш зиялылары: Ә. Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Смағұл Садуақасов, Міржақып Дулатов және т.б. шығармаларынан оқырмандар қазақ жері мен елінің тәуелсіздігі туралы ұстанымдары мен көзқарастары туралы материалдарды табуына болады. Мұстафа Шоқайдың «Біртұтас Түркістан идеясы» осы «Мәңгілік Ел» идеясының түркі әлеміндегі бір көрінісі болды. Сонымен қатар, Кеңес дәуірінде қазақ жерінің бүтіндігін сақтауда Ә. Ермеков пен Ж. Ташеновтің азаматтық ұстанымдары да олар туралы шыққан еңбектермен оқырмандардың танысуларына мүмкіндік бар. Осы жерде Елбасының: «Мемлекеттік тәуелсіздік – тарихтың сыйы немесе тек қазіргі ұрпақтың ғана меншігі емес. Ол өткеннің алдындағы борыш және келешектің алдындағы жауапкершілік» [15, 203 б.] – деген сөздерін еске алған орынды. 2014 жылдың басында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев халыққа Жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясын тәуелсіз Қазақстанның ұлттық идеясы ретінде жария етті.

### Қорытынды

Жаңа ғасырда әлемге танылып, Тәуелсіздіктің туын тік ұстаған Қазақ елінің кемел келешегі мен жарқын болашағына жол салатын, осы аумақты мекендеген бүкіл ұлт пен ұлысты біріктіретін, ақиқаттан айнымайтын бір ұғымға негізделген Ұлттық идеясы болу керек екендігі айдан анық. Ол үшін дүйім жұрттың ойы бір арнаға түйісетін идея – сырттағы

жауға, іштегі дауға бой алдырмайтын, әлеуметтік-экономикалық қуатын арттыра алатын, бабалардан бүгінге күнге дейін жеткен құндылықтарымызды сақтай отырып, жаңа заман игіліктерін игере алатын, рухы мығым, танымы терең, мемлекеттің мерейін көтеретін Ұлттық идеяның маңызы Қазақ елі үшін аса зор. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның алты құрлыққа аян қылған Ұлттық идеясы – «Мәгілік ел» идеясы.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан халқына арнаған кезекті жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті» деп бастаған болатын.

Бұл жолдаудағы елді елең еткізген жаңалық – Тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет халыққа жария болған мемлекеттік ресми идеология, яғни, «Мәңгілік Ел» идеясы болды. «Мәңгілік Ел» идеясы – қазақ елінің арғы ата бабаларынан бері ғасырлар бойы армандаған мақсат-арманы ғана емес, Тәуелсіздік таңы атқалы бері еліміздің ерен еңбегі, терең білімі, кемеңгер көрегендігі арқасында шыққан шыңы, алған асуы. «Мәңгілік ел» идеясы тамырын тереңнен тартқан тарихи негізі бар концепт. «Мәңгілік ел» ұғымының мәні мен мазмұнын, таралым ареалын анықтап, көне дәуірден бүгінгі күнге дейін жарық көрген кшығармалардағы қолданысын зерттеп-зерделеу біздің пешенемізге бұйырыпты. «Мәңгілік ел» ұғымын тарихи тұрғыдан жан-жақты қарастырып, ғылыми айналымға енгізу алғаш рет қолға алынып отыр. Қазіргі замандағы ғылымның кемелденген кезеңінде ойлау ілімінің өресі өсіп, семантикалық өрісі кеңейіп, синкреттік өзегі дамығаны белгілі. Мәдениеттің мәнісін ашып, маңызын білу – тіл білімі, тарих ғылымдарының дамуына үлкен серпіліс берді. «Мәңгілік ел» сөзінің мәнісін жаңаша көзқараспен бағамдап, семантикалық өрісін айқындау бұл еңбектің негізгі жаңалығы мен басты тұғыры. Көнетүркілік «Мәңгілік ел» концептісінің ұғымдық үлгісі лингвомәдениеттану және тарихи деректер негізінде көпәспектiлi құбылыс ретінде ұсынылды. Дереккөздік мәтіндердегі, эпитафиялық мәтіндердегі, манускриптік мәтіндердегі «Мәңгілік ел» концептісіне тиесілі деректер негізінде зерттеулер жасалды. «Мәңгі», «Ел» концептілеріне қатысты ұғымдар мен заттардың символдық семантикасы анықталды. «Мәңгілік ел» тұжырымдамасына енетін тұжырымдар тізбегі айқындалды. «Мәңгілік Ел» идеясын ұрпақтан ұрпаққа жалғастырудың тиімділігі тілдік деректер арқылы бағамдалды; теориялық бағыттан дәлелденді. Көне және -орта, -қазіргі заман түркі тілдері ескерткіштеріндегі тасқа қашалып жазылған және қолжазбадағы өсиетнамалардың мән-мағынасы, түпкі ойы анықталып берілді.

Тіл, мәдениет, этнос байланыстарын зерттейтін ғылымның бұл саласы үлкен бағытқа бет бұрып, халықтың дүниетанымы мен мәдениетін, салт-дәстүрін, сенімін тілмен ұштастырып зерттеудің жаңа жолы болып табылады. Қазіргі замандағы тарих ғылымының алға қойған мақсаттарының бірі – халықтың салт-санасын, дүниетанымын, ұлттық заңдылықтарын, тарихи танымын дереккөздерді негіз етіп таныту болып отыр.

«Мәңгілік ел» ұғымы тарихи зерттеулер тұрғысынан көптеген ғалымдардың еңбегінде зерттеу нысаны бола білді. «Мәңгілік ел» сөзінің мағынасы сан салалы бағытта қарастырылып, диахрондық аспектісі, эволюциясы, концепт ұғымы жасалу құрылымы тарапынан да түсіндірілді. Дегенмен, «Мәңгілік ел» концептісінің кейбір аспектілері әлі де зерттеуді қажет етеді. Мәселен, бұл ұғымның көнетүркілік сипаты, сан дәуірлік тарих қабаттарынан қопарып, мазмұны әлі де зерттеуді қажет етеді.

«Мәңгілік ел» ұғымының көнетүркілік мазмұны мен қазіргі заманға дейінгі маңызы тұрғысынан зерттеліп, концептосфералық өрісі ашылып, этномәдени мәні нақтыланады. Аталған ұлттық идеялар қазақ халқының ата-бабаларының дәуірлер сынынан өткен, халықпен бірге жасасып, сабақтастықпен шындалып осы күнге дейін жеткен идея болды.

Сонымен қатар, бұл идея біреудің ашқан жаңалығы не болмаса кейбіреулер айтқандай, абстрактылы ұғымдар жиынтығы емес, өз ата-бабаларымыздың дүниетанымынан басталған, дәуірлер бойы ұлттық құндылықтарды бойына жинақтаған, сан ғасырлар бойғы халқымыздың арманын жүзеге асырудағы рухани-саяси ұстанымы болған.

#### Әдебиет:

1. Саяси түсіндірме сөздік: сөздік / Құрастырушылар Е. Саиров, Б. Әбдіғали, Т. Жабелова, Д. Әлібек. – Алматы: «Жүйелі зерттеулер институты», 2007. – 616 бет.
2. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – Москва – Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1952. – 117 с.; Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. // Москва – Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1951. – 451 с.
3. Батманов И. Л. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности, Фрунзе, 1959
4. Аманжолов А. С. Тюркская руническая графика (методическая разработка), 1-Ш. Алма-Ата, 1980 (ч. I), 1981 (ч. II), 1985 (ч. III).
5. Cengiz Alyılmaz. İpek Yolu Kavşağının Ölümsüzlük Eserleri. Ankara, 2015; «Gobu»stanın Gizemi («Kırçaklar»a Giden Yol).
6. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. Астана 2003; С. Каржаубай. Объединенный каганат тюрков в 745-760 годах. – Астана: «Фолиант», 2002. – 220 с.
7. Көне түрік бітіктастарымен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 252 б.
8. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-том / Аударған А. Егеубай. - Алматы: Арда+7, 2017. – 592 б.; Қашқари М. Түрік сөздігі. 3-том / Аударған А. Егеубай. – Алматы: Арда+7, 2017. – 600 б.
9. Махмуд ал-Кашғари. Диван лугат ат-турк / перевод, предисловие и комментарии З-А. М. Ауэзовой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.
10. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 с.
11. Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков : (Общетюркские и межтюркские основы на гласные) / Э. В. Севортян; АН СССР, Институт языкознания. – Москва: Наука, 1974. – 766 с.
12. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы / М. Жолдасбеков Қ. Сартқожаұлы ; ҚР Білім және ғылым министрлігі; Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; Еуразия гуманитарлық зерттеу орталығы. – Астана : Күлтегін, 2005. – 359 б.
13. Эрдэнэбаяр С.Мөнх тэнгэрийн вээл буюу Мөнх тэнгэрийн ивэ / Сэтгэгдэл бичих? – ВПРВЕН: MN by Bataka. www.biiirbeh.mn.
14. Абай. Өлеңдер. Поэмалар. Қара сөздер. – Астана: Раритет. 2008, – 384 б.
15. Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы. Жылдар мен ойлар: жинақ / құраст.: М. Б. Қасымбеков, А. М. Молдағаринов, Қ. Н. Әлімқұлов ; «Назарбаев орталығы» көпфункционалы ғыл.-талдамалық және гуманитар.-ағартушылық мемлекеттік мекемесі. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2013. – 349 б.

#### References:

1. Sayasi tusindirme sozdik: sozdik [Political Explanatory Dictionary: dictionary] / Qurastyrushylar E. Sairov, B. Abdigali, T. Zhabelova, D. Alibek. – Almaty: «Zhujeli zertteuler instituty», 2007. – 616 bet. [in Kaz.].
2. Malov S.E. Enisejskaya pis'mennost' tyurkov [The Yenisei script of the 'Turks']. – Moskva – Leningrad: Izdatel'stvo Akademii nauk SSSR, 1952. – 117 s.; Malov S.E. Pamyatniki



drevnetyurkskoj pis'mennosti [Monuments of ancient Turkic writing]. Teksty i issledovaniya. // Moskva – Leningrad: Izdatel'stvo Akademii nauk SSSR, 1951. – 451 s. [in Russ.].

3. Batmanov I. L. Yazyk Enisejskih pamyatnikov drevnetyurkskoj pis'mennosti [The language of the Yenisei monuments of ancient Turkic writing], Frunze, 1959. [in Russ.].

4. Amanzholov A. S. Tyurkskaya runicheskaya grafika (metodicheskaya razrabotka) [Turkic runic graphics (methodological development)], 1-SH. Alma-Ata, 1980 (ch. I), 1981 (ch. II), 1985 (ch. III). [in Russ.].

5. Cengiz Alyılmaz. İpek Yolu Kavşağının Ölümsüzlük Eserleri. Ankara, 2015; «Gobu»stanın Gizemi («Kıpçaklar»a Giden Yol). [in Turk.].

6. Sartqozhauy Q. Orhon muralary [Orhan heritage]. Astana 2003; S. Karzhaubaj. Ob"edinennyj kaganat tyurkov v745-760 godah. – Astana: «Foliant», 2002. – 220 s.

7. Kone turik bitiktastary men eskertkishteri (Orhon, Enisej, Talas) [Ancient Turkish inscriptions men monuments (Orhon, Enisej, Talas)]. – Almaty: Dajk-Press, 2005. – 252 b. [in Kaz.].

8. Qashqari M. Turik sozdigi [Turkish dictionary]. 1-tom / Audargan A. Egeubaj. – Almaty: Arda+7, 2017. – 592 b.; Qashqari M. Turik sozdigi [Turkish dictionary]. 3-tom / Audargan A. Egeubaj. – Almaty: Arda+7, 2017. – 600 b. [in Kaz.].

9. Mahmud al-Kashgari. Divan lugat at-turk / perevod, predislovie i kommentarii Z-A. M. Auezovoj. – Almaty: Dajk-Press, 2005. – 1288 s. [in Russ.].

10. Drevnetyurkskij slovar' [Ancient Turkic Dictionary']. – Leningrad: Nauka, 1969. – 677 s. [in Russ.].

11. Sevortyan E. V. Etimologicheskij slovar' tyurkskih yazykov [Etymological Dictionary of the Turkic languages]: (Obshchetyurkskie i mezhtyurkskie osnovy na glasnye) / E. V. Sevortyan; AN SSSR, Institut yazykoznaniya. – Moskva: Nauka, 1974. – 766 s. [in Russ.].

12. Orhon eskertkishterining tolyq Atlasy [Full Atlas of Orkhon monuments] / M. Zholdasbekov, Q. Sartqozhauy ; QR Bilim zhane gylym ministrliigi; L. N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyq universiteti; Euraziya gumanitarylyq zertteu ortalygy. – Astana : Kultegin, 2005. – 359 b. [in Kaz.].

13. Erdenebayar S. Menh tengeriyn vzel buyuu Menh tengeriyn ive / Setgegedel bichih? – BIIRBEH: MN by Bataka. www.biiirbeh.mn. [in Mon.].

14. Abaj. Olangder. Poemalar. Qara sozder. [Poems. Words of edification.] – Astana: Raritet. 2008, – 384 b. [in Kaz.].

15. Nazarbaev Nursultan Abishuly. Zhyldar men ojlar [Years and thoughts]: zhinaq / qurast.: M. B. Qasymbekov, A. M. Moldagarinov, Q. N. Alimqulov ; «Nazarbaev ortalygy» kopfunkciyaly gyl.-taldamalyq zhane gumanit.-agartushylyq memleketik mekemesi. – Almaty: Almatykitap baspasy, 2013. – 349 b. [in Kaz.].

**Сыздықов С.М.**

*Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

*E-mail: satay14@mail.ru*

## **ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ИДЕЙ НЕЗАВИСИМОСТИ СТРАНЫ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ**

**Аннотация.** В статье представлен обзор понятия «Мәңгілік ел» с точки зрения истории и философии различных эпох как национальной идеи, государственной идеологии. Но это не абстрактная мысль или научная новизна, а духовно-политическая позиция наших предков, идея, возникшая на основе их мировоззрения, сложившаяся на протяжении веков и впитавшая тюркские ценности. Основная цель работы – собрать большое количество

информации, связанной с историей и традициями, мировоззрением, материальной и духовной культурой народа в связи с древнейшим понятием «Мәңгілік ел» и ввести их в научный оборот. Наряду с общенаучными методами сравнения, дифференциации и обобщения в исследовательской работе использовались сравнительный метод, сравнительно-исторический, источниковедческий, палеографический, семантический и компонентный анализ, историко-сравнительный метод и способы обработки, сортировки, перевода. Новизна исследования заключается в том, что понятие «Мәңгілік ел» изучено с антропоцентрической точки зрения, исходя из ранее изученных национальных концептов. Результаты исследования также могут быть использованы в учебниках по истории Казахстана с точки зрения признания происхождения национальной идеологии. Казахское востоковедение, тюркология, кыпчаковедение имеют практический вклад исследования в составлении информационного фонда коренных этносов, предоставляют новые данные в определении этнокультурных отношений. Позднее понятие «Мәңгілік ел» расширилось и стало национально-культурной концепцией, объединяющей концепты «Мәңгілік», «Ел» «Өтүкен», «Жерұйық», «ізгі (қайырымды) қала».

**Ключевые слова:** Великая степь, Мәңгілік ел, понятие, идея, преемственность.

**Syzdykov S.M.**

*L. N. Gumilev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

*E-mail: satay14@mail.ru*

## **HISTORICAL SIGNIFICANCE OF THE COUNTRY'S INDEPENDENCE IN THE GREAT STEPPE**

**Abstract.** "In the article, the ponyatiya "Mangilik El "" was presented with the history and philosophy of different eras, such as national ideas, State ideologies." But this is not an abstract idea or scientific novelty, a spiritual and political position of our predecessors, an idea that is born on the basis of their world economy, is formed on the basis of the growth of bills and the introduction of the Turkish currency. "The main purpose of the work is to provide a large number of information, connected with history and trade, world economy, material and spiritual culture in connection with the customs treaty "" Mangilik El "" and to introduce them in scientific terms." The order with public methods of comparison, differentiation and coverage in research work was used by comparative methods, comparative historical, historical, paleographic, semantic and component analysis, historical and comparative methods and recommendations "I'm sorry," he said. "The novelty of research is that ""Mangilik El "" has been studied with anthropocentric directions, which are based on studied national concepts." The results of the study will also be used in students on the history of Kazakhstan from the moment of transition to national ideology. Kazakhstan's elevation, turcology, and climate have a practical application of research in the formation of an information background of ethnic groups, and provide new data in the resolution of ethnocultural issues. "Mangilik El" has been expanded by the national and cultural concept, which includes the concepts of «Mangilik», «El», «Atuken», «Zheruyik», «good (good) city».

**Key words:** great step, Mangilik El, ponyatiya, idea, preeminence.

Автор туралы мәлімет:

Сыздықов Сатай Мақсұтұлы, тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторе:

Сыздықов Сатай Максұтович, доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Information about author:

Syzdykov Satay Maksutovich, Doctor of Historical Sciences, professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.